

"Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 31 шілдедегі № 251 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 тамызда № 36556 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) шетелдік рұқсатты қолдана отырып автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасы (бұдан әрі – рұқсат беру карточкасы) – автокөлік құралын жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарында пайдалануға рұқсат беретін құжат;

2) жолсапар – автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пунктіне жүруі және жөнелту пунктіне кері оралуы;

3) жүктердің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға шетелдік рұқсатты қолдана отырып рұқсат беру куәлігі (бұдан әрі – рұқсат беру куәлігі) – Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларына жүктердің халықаралық автомобильмен тасымалдарын жүзеге асыруға құқық беретін құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шет елдердегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

5) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары;

6) отандық рұқсат – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағымен жүріп өтуіне рұқсат (келуге, кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар);

7) отандық тасымалдаушы – Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

8) рейс – автокөлік құралдарының жөнелту пунктінен межелі пунктіне дейін жүріп өтуі;

9) рұқсат беру құжаты – Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүру құқығын растайтын құжат (отандық немесе шетелдік рұқсат, арнайы рұқсат);

10) рұқсат бланкілерімен алмасу квотасы (бұдан әрі – алмасу квотасы) – шет мемлекеттермен алмасу үшін келісілген шетелдік рұқсаттардың саны;

11) транзиттік жүріп өту (транзит) – жөнелту және межелі пункттері осы мемлекеттің аумағынан тыс орналасқан мемлекеттің аумағы арқылы жүкпен немесе жүксіз автокөлік құралдарының жүріп өтуі;

12) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті;

13) уәкілетті органның ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) – "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекет аумағы арқылы жүріп өтуге рұқсат беру" және "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін автоматты өңдеуді және қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

14) үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдердің аумағына тасымалдаулар – автокөлік құралының тіркелу мемлекеті болып табылмайтын екі мемлекет арасында жолаушыларды, багажды немесе жүктерді тасымалдау;

15) шетелдік рұқсат – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағымен жүріп өтуіне рұқсат қағаз және электронды түрде болып бөлінеді (келуге,

кетуге және транзитпен жүріп өтуіне әмбебап рұқсат, сондай-ақ екінші елдің аумағынан үшінші елдің аумағына тасымалдар);

16) шетелдік тасымалдаушы – Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобильді қатынастар туралы халықаралық келісімшарттарға сәйкес шет мемлекеттің аумағындағы халықаралық автомобильді тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдік жеке және заңды тұлғалар.

17) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі."

6, 7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. 2023 жылғы 17 мамырдағы жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге сәйкес отандық тасымалдаушылар автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде мыналар:

1) жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды орындаған кезде, отандық тасымалдаушыға тасымалды жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен "А" түрінің рұқсаты;

2) баратын және кері қайтатын бір рейсті орындауға құқығы бар өткізу пункттері ауданында шекара маңындағы терминалдар арасында жолаушылар (туристерді қоса алғанда) мен багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалын орындау кезінде "В" түрінің рұқсаты;

3) екі жақты және транзиттік қатынастарда жүктерді тасымалдау үшін "С" түрінің рұқсаты;

4) үшінші елдерге/елдерден жүктерді тасымалдау үшін "D" түрінің рұқсаты.

"А", "В", "С", "D" түріндегі рұқсаттар ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

7. Алмасу квотасы осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсында орналастырылады.

8. Шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу квотасын белгілеу мәселесі бойынша тиісті мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісім бойынша жұмыстарды жүргізу үшін уәкілетті орган ағымдағы жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде көрсетілетін қызметті алушы шетелдік рұқсаттарға деген қажеттілігінің саны туралы шетелдік рұқсатты беру және пайдалану статистикасы негізінде жалпы жиынтық деректерді қалыптастырады.";

10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті орган шет мемлекеттердің құзыретті органдарына отандық рұқсат бланкілерін беруді отандық тасымалдаушылар үшін шетелдік рұқсаттарды шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген мөлшерде алуды жүзеге асырады.

11. Шетелдік рұқсаттар өткен жылы пайдалануын ескере отырып, көрсетілетін қызметті беруші тарапынан автоматты режимде АЖ арқылы бөлінеді.

12. Көрсетілетін қызметті беруші шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген белгіленген маршруттар мен осы маршруттар бойынша жүру кестесін ескере отырып, күнтізбелік бір жыл қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды береді.

13. Министрліктің интернет-ресурсына күнделікті отандық тасымалдаушыларға берілген және қайтарылған шетелдік рұқсаттардың санын көрсете отырып, рұқсаттар туралы деректер орналастырылады.

14. Көрсетілетін қызметті алушылар шетелдік рұқсаттардың белгіленген алмасу квотасынан тыс қажеттілігі туындаған жағдайда уәкілетті орган шет мемлекеттің құзыретті органдарымен ағымдағы жылға тиісті шетелдік рұқсаттарды алмасу квотасын келіседі.";

16-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

Көрсетілген қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік корпорацияда оның нәтижесінің мекенжайын көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету туралы не оны қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе көрсетіледі.";

17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Сұрау салуды қарауды АЖ жүзеге асырады:

1) шетелдік рұқсаттардың сұратылатын түрлері болған кезде;

2) жолаушыларды облысаралық, ауданаралық (облысшілік, қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның бар болған кезде;

3) сұратылған шетелдік рұқсаттар түрлерінің жиынтығы болған кезде (бір автокөлік құралына шетелдік рұқсаттардың бірнеше түріне өтініш берген жағдайда);

4) қолданыстағы рұқсат куәлігі болған кезінде;

5) ұсынылған автокөлік құралына қолданыстағы рұқсат беру карточкасы болған кезінде;

6) соңғы он екі айда сұрау салуда көрсетілген автокөлік құралдарына алынған қайтарылмаған шетелдік рұқсаттар бойынша мәліметтер болмаған кезде;

7) соңғы алты айда сұрау салуда көрсетілген автокөлік құралының осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарында белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз ету кезінде;

8) көрсетілетін қызметті алушы соңғы үш айда осы Қағидалардың 28-тармағының бірінші бөлігін және (немесе) 29-тармақтың талаптарын үш және одан да көп бұзуға жол бермеген кезде;

9) көрсетілетін қызметті алушы соңғы алты айда бұрын алған шетелдік рұқсаттарды қайтарылмаған және (немесе) пайдаланылмаған фактілері болмаған кезде;

10) көрсетілетін қызметті алушының соңғы жиырма төрт айда осы Қағидалардың 27-тармағы бірінші абзацының талаптарын сақтамау фактілері болмаған кезде.

Осы тармақтың 3)-5) тармақшаларының талаптары жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға қолданылмайды.

Электрондық түрдегі шетелдік рұқсаттар куәлік және рұқсат карточкасы түріне қарамастан беріледі.

АЖ-да автокөлік құралдарын есепке алу олардың сәйкестендіру нөмірі (VIN) бойынша жүргізіледі.

Сұрау салу кезінде жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, рұқсат беру туралы куәлік, рұқсат беру карточкалары, жолаушыларды облысаралық, қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, қызметімен айналысу құқығына лицензия туралы мәліметтерді, халықаралық қатынастағы шағын автобустармен (жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде), жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды, халықаралық қатынаста жүк тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

18. Көрсетілетін қызметті алушыға бұрын шетелдік рұқсаттар алынған автокөлік құралын ауыстыруға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күн ішінде осы Қағидалардың 34-тармағының 4)

тармақшасының екінші абзацының талаптарын ескере отырып жол беріледі. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұрын берілген шетелдік рұқсатқа автокөлік құралын ауыстыруға сұрау салуды толтыруы қажет.

Автокөлік құралын ауыстыру осы автокөлік құралына рұқсат карточкасын алған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыдан жалға алу құқығындағы автокөлік құралына ауыстыруға сұрау салу берілген күнге дейін кемінде күнтізбелік 50 (елу) күн бұрын немесе көрсетілетін қызметті алушының теңгеріміндегі автокөлік құралына жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген мерзім, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан автокөлік құралына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының аумағындағы автокөлік құралын ауыстыру кезінде осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген мерзім өзгермейді.

19. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маршрут өзгерген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы жүктерді тасымалдауға қосымша төрт шетелдік рұқсатқа дейін алуына жол беріледі.

Қосымша сұрау салу бойынша шетелдік рұқсаттарды алған кезде пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттар көрсетілетін қызметті берушіге қайтарылады және көрсетілетін қызметті алушы пайдаланған ретінде АЖ-да есепке алынады.

Бұл ретте қосымша сұрау салу бойынша күнтізбелік жылы пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттардың келесідей сандары қайтаруға жол беріледі:

көрсетілетін қызметті алушыда теңгеріміндегі механикалық жетегі бар он автокөлік құралы болған кезде үш шетелдік рұқсатқа дейін;

көрсетілетін қызметті алушыда теңгеріміндегі механикалық жетегі бар он бірден жиырмаға дейінгі автокөлік құралдары болған кезде алты шетелдік рұқсатқа дейін;

көрсетілетін қызметті алушыда теңгеріміндегі механикалық жетегі бар жиырма бірден отызға дейінгі автокөлік құралдары болған кезде тоғыз шетелдік рұқсатқа дейін;

көрсетілетін қызметті алушыда теңгеріміндегі механикалық жетегі бар отыз бірден астам автокөлік болған кезде он екі шетелдік рұқсатқа дейін.

Осы тармақтың талаптарын бұзбай қайтаруға рұқсат етілген пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттарды есептеу, көрсетілетін қызметті алушының автокөлік құралдарының санына және күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жай-күйі бойынша рұқсат беру карточкалары бар автокөлік құралдарының санына сүйене отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілгеннен асатын пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттар, АЖ-да қайтарылмағандар ретінде есепке алынады.";

мынадай мазмұндағы 19-1-тармақпен толықтырылсын:

"19-1. Осы Қағидалардың 28-тармағының талаптары сақталған кезде, шет мемлекеттердің шекарасы жабылған, автокөлік құралының шет мемлекеттің аумағы арқылы өту қозғалысы шектелген немесе қамауға алынған жағдайларда пайдаланылмай қайтарылған шетелдік рұқсаттар, АЖ-ға қайтарылған ретінде есепке алынады.

Уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушының жазбаша өтініші негізінде осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жағдайларды растау үшін шет мемлекеттің уәкілетті органына немесе Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі дипломатиялық өкілдіктеріне сұрау салуды жібереді және растауды алғанға дейін АЖ-дағы шетелдік рұқсаттар қайтарылған ретінде есепке алынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген фактілерді растау болмаған кезде АЖ-ға бұрын қайтарылған шетелдік рұқсаттарға "пайдаланылмаған" мәртебесі беріледі .";

20, 21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Осы Қағидалардың 17 және 19-тармақтарында көзделген мәліметтер сәйкес келген және болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға алым сомасын төлеу үшін шот қойылады.

Төлем ЭУТШ арқылы шетелдік рұқсаттың бар екендігі туралы АЖ расталған кезден бастап, 3 (үш) сағат ішінде жүзеге асырылады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүкті тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды АЖ-ға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен кезде бір жұмыс күні ішінде ресімдейді және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Сағат 16:00-ден кейін АЖ-ға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен кезде жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүкті тасымалдауға шетелдік рұқсаттар ресімделеді және осындай хабарлама келіп түскен күннен кейінгі жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

22. Жүктерді тасымалдау үшін бір сұрау салуға жол жүру бағыты бойынша әртүрлі түрлері 9 (тоғыз) шетелдік рұқсаттан және электрондық шетелдік рұқсаттарды қоспағанда, бір түрдегі 2 (екі) шетелдік рұқсаттан артық емес рұқсат беріледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаға автоматты түрде қол қойылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының, оның орынбасарының немесе оларды алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.";

27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін басқа отандық тасымалдаушыға беруіне, сол сияқты отандық тасымалдаушының басқа отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсат бланкілерін пайдалануына жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы рұқсат беру карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралдарына шетелдік рұқсаттарды, айдап өткізілетін автокөлік құралдарынан (тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоспағанда) басқа, пайдалануына жол берілмейді.

Осы тармақтың талаптары бұзылған кезде АЖ-дағы мұндай шетелдік рұқсаттар қайтарылмаған ретінде есепке алынады.

28. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумақтарынан шетелдік рұқсаттар ресімделген автокөлік құралының шығу мерзімі пайдаланушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 50 (елу) күннен аспайды.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім 6 (алты) айдан асса, автокөлік құралына ресімделген шетелдік рұқсаттар АЖ-да қайтарылмаған ретінде есепке алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттарды мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберген сәттен бастап 6 (алты) ай ішінде қайтарған кезде, мұндай шетелдік рұқсаттар АЖ-да пайдаланылмаған ретінде есепке алынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы Қазақстан Республикасының аумағынан тыс орналасқан және оны пайдалану мерзімі өткен жылғы шетелдік рұқсаттары бар автокөлік құралдарына қатысты қолданылмайды.

Электрондық шетелдік рұқсаттарды пайдалану кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы автомобиль өткізу пункттері арқылы автокөлік құралының Қазақстан Республикасы аумағынан шыққанын тіркеуді мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады.

29. Көрсетілетін қызметті алушы жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға арналған, пайдаланылған шетелдік рұқсаттарды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автокөлік құралының автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кірген кезден бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей физикалық түрде ресімдеу орны бойынша көрсетілетін қызметті берушіге қайтаруы тиіс.

Осы Қағидалардың 28 және 29-тармақтарда көзделген талаптар электрондық түрде берілген шетелдік рұқсаттарға қолданылмайды.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кіру және шығу фактілерін тіркеу АЖ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесінен сұрау салу жолымен жүзеге асырылады.

30. Электрондық рұқсаттарды қоспағанда, шетелдік рұқсаттарды көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады.

Көрсетілетін қызметті беруші қайтарылған шетелдік рұқсаттарды қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап бір жыл бойы сақтайды.

31. Көрсетілетін қызметті беруші АЖ қайтарылған шетелдік рұқсаттарды – олардың нөмірі бойынша тасымалдаушылар бөлінісінде келесі мәліметтерді көрсете отырып есебін жүргізеді:

көрсетілетін қызметті алушының атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі;

түрі, қолданылу мерзімі, шетелдік рұқсаттың қайтару күні және шетелдік рұқсаттың нөмірі;

шетелдік рұқсат пайдаланылған автокөлік құралының (тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалдауды жүзеге асыру кезінде көлік құралын кесіп өту (кіру/шығу) өткізу пунктінің атауы.

Мемлекеттік тіркеу нөмірімен тасымалдаушының белгісіне және атауына мәліметтерді түзету тазарту және сызып тастау белгілері бар шетелдік рұқсаттар қайтарылған жағдайда АЖ-ға түзетілген мәртебе қойылады.

Осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген жағдайларда қайтарылмаған шетелдік рұқсаттар қайтарылған ретінде есепке алынады.

32. Көрсетілетін қызметті алушы жоғалтқан, автокөлік құралын тұтану кезінде жою не оны шет мемлекеттердің бақылаушы органдары алып қою салдарынан жоғалған шетелдік рұқсаттар АЖ-да осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарын бұзбай қайтарылған ретінде есепке алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жағдайлардың туындағаны туралы олар туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мынадай құжаттарды қоса бере отырып, аумақтық органға жазбаша хабардар етеді:

1) құзыретті органдар шетелдік рұқсатты алып қойған кезде – алып қою актісі немесе хаттама;

2) автокөлік құралының өртенуі салдарынан шетелдік рұқсат жойылған кезде – Қазақстан Республикасының мемлекеттік өртке қарсы қызметінен не шет мемлекеттің құзыретті органынан автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін тіркей отырып, оның фотосуретін қоса бере отырып, анықтама;

3) шетелдік рұқсат жоғалған кезде – жоғалған рұқсаттың жоғалғаны және жарамсыздығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландырулардың орналастырылғанын растайтын полиция органдарында тіркелген өтініштердің және құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып.

Күнтізбелік жыл ішінде қайтарылған шетелдік рұқсаттар осы Қағидалардың 28 және (немесе) 29-тармақтарын АЖ-да бұзбай қайтарылған болып ескеріледі:

онға дейін теңгеріміндегі механикалық жетекпен автокөлік құралы бар пайдаланушы үшін – үш шетелдік рұқсат;

он бірден жиырмаға дейін теңгеріміндегі механикалық жетекпен автокөлік құралы бар пайдаланушы үшін – алты шетелдік рұқсат;

жиырма бірден отызға дейін теңгеріміндегі механикалық жетекпен автокөлік құралы бар пайдаланушы үшін – тоғыз шетелдік рұқсат;

отыз бірден аса теңгеріміндегі механикалық жетекпен автокөлік құралы бар пайдаланушы үшін – он екі шетелдік рұқсат;

Қайтаруға рұқсат етілген шетелдік рұқсат құжаттарының есебі осы тармақтың талаптары бұзылмаған жағдайда, пайдаланушы автокөліктерінің саны мен шетелдік рұқсат беру қолдануға жарамды рұқсат беру карточкаларының негізінде, жылдық күнтүзбелік 1 қаңтарындағы жай-күйі бойынша жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілгеннен асатын жоғалған шетелдік рұқсаттар, АЖ-да қайтарылмағандар ретінде есепке алынады.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Отандық тасымалдаушының шетелдік рұқсаттарды көрсетілетін қызметті бершіге қайтаруы осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ілеспе хатпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде кіріс хат-хабарларды қабылдауды жүзеге асыратын адам ілеспе хаттың көшірмесіне қабылдау күні мен уақыты, сондай-ақ қайтарылатын шетелдік рұқсаттардың саны көрсетіле отырып, оны қабылдағаны туралы жазба қояды.

Аумақтық орган жалпы кіріс хат-хабарларды тіркеудің ақпараттық жүйесінде шетелдік рұқсаттарды қайтару туралы ілеспе хатты тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде АЖ-ға қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді енгізеді.

Қайтаруды жүзеге асыру кезінде сағат 16:00-ден кейін қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтер АЖ-ға келесі жұмыс күні енгізіледі.

Осы Қағидалардың 31-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтер сәйкес келмеген кезде қайтарылған шетелдік рұқсаттарда АЖ-да шетелдік рұқсаттарды алуға арналған сұрау салуда көрсетілген мәліметтермен, сондай-ақ түзетулер белгілерінің болуы кезінде мұндай рұқсаттар АЖ-да қайтарылмаған ретінде есепке алынады және бұл туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны 5 (бес) жұмысшы ішінде жазбаша хабардар етеді олар қайтарылған күннен бастап күндер.

Бұл ретте осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген шетелдік рұқсаттар, сондай-ақ АЖ-да пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттар қайтарылмаған ретінде есепке алынады.

34. Көрсетілетін қызметті беруші, шетелдік рұқсатты беру үшін шетелдік рұқсатты ресімдеген кезінде шетелдік рұқсаттың тиісті бағандарына жазылады (қойылады):

1) тасымалдаушының атауы және заңды мекенжайы (шарикті қаламсаппен, қара көк түсті, баспа әріптері бар өшірілмейтін сиямен жазылады);

2) шетелдік рұқсат берілген күні және берген аумақтық органның мөрі;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысының, оның орынбасарының немесе оларды алмастыратын адамның қолы қойылады;

4) шетелдік рұқсат берілген автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі (шарикті қаламсаппен, қара көк түсті, баспа әріптері бар өшірілмейтін сиямен жазылады).

Осы тармақтың 4) тармақшасының күші белгілі бір түрдегі және елдегі шетелдік рұқсаттарға қолданылады, оларды пайдалану үшін өткен жылы АЖ деректері бойынша алынған олардың жалпы санының 70 және одан да көп пайызын құрады және көрсетілген қызметті алушыға қатысты ғана осындай шетелдік рұқсаттарды қайтару пайызы 60 %-дан аз құрайды.

Осы тармақтың 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген ақпаратқа түзетулерге және (немесе) өзгерістерге, егер олар көрсетілетін қызметті беруші куәландырған жағдайда, мұндай түзетулерді және (немесе) өзгерістерді енгізу тиісті шет мемлекеттің көлік саласындағы құзыретті органымен жазбаша түрде және (немесе) халықаралық автомобиль қатынасы мәселелері бойынша келіссөздер барысында келісілген және келіссөздер хаттамасында көрсетілген жағдайда жол беріледі.";

38-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті беруші жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылға ресімдейді және АЖ-ға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

39-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем ЭҮТШ арқылы шетелдік рұқсаттың бар екендігі туралы АЖ расталған кезден бастап, 3 (үш) сағат ішінде жүзеге асырылады.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама автоматты түрде қол қойылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының, оның орынбасарының немесе оларды алмастыратын тұлғаның, ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Көрсетілетін қызметті беруші АЖ берілген шетелдік рұқсаттар олардың нөмірі бойынша тасымалдаушылар бөлінісінде есебін жүргізеді.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Отандық рұқсат, оның ішінде бірінші рейстің тасымалы жүзеге асырылған мемлекеттің аумағына Қазақстан Республикасының аумағынан кері бағытта жолшыбай жүк арту жағдайында бір жолсапар үшін жарамды болады.";

56-1 және 57-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"56-1. Осы Қағидалардың 51-тармағының екінші бөлігінің және 54-тармағының талаптары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген тасымалдаушыларға, егер Қазақстан Республикасының аумағынан/аумағына жүктерді тасымалдауды отандық рұқсаттар болған кезде тасымалдаушыны қайта тиеу (тиеу/түсіру) және (немесе) ауыстыру немесе алдыңғы тасымалдаушының отандық рұқсатының көшірмесін бере отырып, үзбелі бөліктің түпнұсқасы бар бірнеше тасымалдаушы дәйекті орындаған жағдайда қолданылмайды.

57. Шетелдік тасымалдаушыда тасымалдаушы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы растаған рұқсат бланкісі болмаған жағдайда, автокөлік құралының одан әрі жүруіне жаңа отандық рұқсат берілгеннен кейін не әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалғаннан кейін отандық көлік құралына жүкті қайта тиеп немесе қайта тіркей отырып жол беріледі.";

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсаттарда жол жүрер алдында мыналарды толтырады:

- 1) тасымалдаушының атауы;
- 2) автокөлік құралының нөмірі;
- 3) жүкті тиеу елі;
- 4) жүкті түсіру елі;
- 5) тасымалданатын жүктің атауы;
- 6) тасымалданатын жүктің салмағы;
- 7) шекарадағы өткізу орны;
- 8) тиеу қаласы;
- 9) түсіру қаласы.

Отандық рұқсаттарда түзетулерге жол берілмейді.

Отандық рұқсат бланкісінде мәліметтерді түзетулер, өшірулер не өшірілетін сиямен жазу құралдарын қолдана отырып толтырылған болса, рұқсат жарамсыз болып есептеледі, сол сияқты оның болмауы.

Отандық рұқсат бланкісінің тармақтары толтырылмаған кезде, сондай-ақ егер рұқсатта көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына кіргені не оның Қазақстан Республикасының аумағынан кеткені туралы белгілер қойылмаса, рұқсат осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделмеген болып есептеледі.";

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын;
осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 31 шілдедегі
№ 251
Бұйрығына 1-қосымша

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) "Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға" бланкілер беру;
- 2) "Жүк тасымалдарына" бланкілер беру.

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлері бойынша "электрондық үкімет" порталы арқылы. Барлық кіші түрлері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" комерциалық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы беру.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы хабарлама – 20-40 минут ішінде; Мемлекеттік корпорацияға шетелдік рұқсатты ресімдеу және беру – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (жартылай автоматтандырылған) /қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсат қағаз немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.
		Қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы " Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабының 2-тармағында белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша бюджетке төленеді және алым соммасы келесі көрсеткішті құрайды: 1-еселенген мөлшері айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК); Алым сомасын төлеу " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі	1) Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа. 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және

		мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері	Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сұрау салу. Автокөлік құралы ауыстырылған жағдайда бұрын берілген шетелдік рұқсатқа осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер талап етіледі. Жүктерді тасымалдауға қосымша шетелдік рұқсат қажет болған жағдайда бұрын берілген шетелдік рұқсатқа осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер талап етіледі. Сұрау салу кезінде жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік, автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкалары, жолаушыларды халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, лицензия туралы мәліметтер, халықаралық қатынаста жүк тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының ЭҮТШ төлеген жағдайда алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат, көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады". Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар.
		Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
---	--	---

Бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
4-қосымша

Нысаны _____

(көліктік бақылау органының атауы)

Жүктерді тасымалдауға қосымша шетелдік рұқсат алу туралы сұрау салу

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

ЖСН/БСН _____

Бұрын алынған шетелдік рұқсатты сұрау салудың № _____

Жүк автокөлік құралына жүктерді тасымалдауға келесі шетелдік рұқсаттарды қосымша

беруіңізді сұраймын МТНБ _____ VIN* _____ :

р/с №	Ел	Рұқсат түрі	Рұқсат жылы	(Рұқсаттар саны (төрттен көп емес))

* Мәліметтер бұрын мақұлданған сұраудан алынады

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, оның ішінде Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің _____ аумақтық органға (БСН _____) беруге үшінші тұлғаларға келісім беремін, және жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, ақпараттық жүйелердегі жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсаттарды алу үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер. Дербес деректердің трансшекаралық берілуінің жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таралуының жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Жиналатын деректердің тізбесі: Т.А.Ә., ЖСН/БСН, телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы

Т.А.Ә. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. (ол болған кезде) – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

РК – рұқсат куәліктері;

РК – рұқсат карточкасы

МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмерлік белгісі;

VIN – көлік құралының сәйкестендіру нөмірі.

Бұйрығына 3-қосымша
Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану қағидаларына
6-қосымша

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсат беру".		
1	Көрсетілетін қызметті беруші	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкімет" порталы арқылы. "Азаматтарға арналған үкімет" коммерциалық емес акционерлік

		қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы беру.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы хабарлама – 20-40 минут ішінде; Мемлекеттік корпорацияға шетелдік рұқсатты ресімдеу және беру – 1 (бір) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (жартылай автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жыл болатын жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға шетелдік рұқсаты қағаз түрінде немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес күнтізбелік бір жылға шетелдік рұқсатты ала отырып, тұрақты негізде халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабының 2-тармағында белгіленген алым мөлшерлемесі бойынша бюджетке төленеді және алым соммасы келесі көрсеткішті құрайды: 10-еселенген мөлшері айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК); "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы алым сомасын төлеу.
		1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса

7	Көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) Мемлекеттік корпорация – дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа. 3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін Көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар тізбесі мен мәліметтері	Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сұрау салу. Сұрау салу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста ЭҮТШ арқылы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады".

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер: 1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
---	--	--

Бұйрығына 4-қосымша
Қазақстан Республикасының
халықаралық қатынастағы
автомобильмен
тасымалдауларында рұқсат беру
жүйесін қолдану
қағидаларына
4-1-қосымша
қала/облысы бойынша
Көліктік бақылау инспекция
РММ басшысына кімнен:
ЖК "_____" немесе
"_____" ЖШС
ЖСН/БСН _____

Сізден 20__ жылғы үлгідегі пайдаланылған шетелдік рұқсаттарды қабылдауыңызды сұраймын.

Ел	Ш Р нөмірі	ШР түрі	Ш Р Жарамдылық мерзімі	А К Қ МТНБ	ҚР шығу пунктінің атауы	ҚР кіру пунктінің атауы	Шығу күні	Кіру күні	Мәртебесі пайдаланылды

Басшы/Директор Т. А. Ә.

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
 БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;
 ШР – шетелдік рұқсат;
 РММ – көліктік бақылау инспекциясы республикалық мемлекеттік мекемесі;
 ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
 ЖК – жеке кәсіпкер;
 АТС – автокөлік құралы;
 МТНБ – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі;
 ҚР – Қазақстан Республикасы.

Бұйрығына 5-қосымша
 Қазақстан Республикасының
 халықаралық қатынастағы
 автомобильмен
 тасымалдауларында рұқсат беру
 жүйесін қолдану қағидаларына
 1-1-қосымша

20__жылға арналған шетелдік рұқсаттарды айырбастау квотасы

№	Ел	ҚР тасымалдаушыларына	Ш е т е л д і к тасымалдаушыларға
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			